ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 10 мамыр Іс № 3514-24-00-2/1956 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ҚАЗЫБАЕВ БЕЙБАРЫС ҚАРШЫҒАҰЛЫ» Бейбарыс Қаршығаұлы Қазыбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «ҚАЗЫБАЕВ БЕЙБАРЫС ҚАРШЫҒАҰЛЫ» Бейбарыс Қаршығаұлы Қазыбаевты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 10.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Буебаева Г. Т., 18.06.2024

Дара кәсіпкер «ҚАЗЫБАЕВ БЕЙБАРЫС ҚАРШЫҒАҰЛЫ» Бейбарыс Қаршығаұлы Қазыбаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ҚАЗЫБАЕВ БЕЙБАРЫС ҚАРШЫҒАҰЛЫ» Бейбарыс Қаршығаұлы Қазыбаевтан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегізжүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Буебаева Г. Т., 18.06.2024

3514-24-3-1/1984